**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 431 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы N 616 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 6 сәуірдегі № 422 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.04.06 № 422 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 2 сәуірдегі N 431 қаулысына ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 13, 147-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

| | |
|---|---|
| Көпеев Мұхамбет Жұманазарұлы | - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі, төраға |
| Сатылғанов Диханбек Жанқоразұлы | - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Азаматтық қорғаныс, әскери бөлімдер және жедел ден қою департаментінің директоры, хатшы |
| Абайділдин Талғатбек Жәмшитұлы | - Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау вице-министрі |
| Рысқалиев Бергей Сәулебайұлы | - Атырау облысы әкімінің орынбасары |
| Оңғарбаев Имамадин Зәкірұлы | - Қызылорда облысы әкімінің орынбасары |
| Өмірзақов Ізбақ Қуанышұлы | - Ақтөбе облысы әкімінің бірінші орынбасары; |

мына:

"Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға" деген жол мынадай

редакцияда жазылсын:

"Бижанов Нұрахмет Құсайынұлы - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар бірінші вице-министрі, төраганың орынбасары";

көрсетілген құрамнан Күшенов Ахметжан Рахымбайұлы, Байғожин Марат Имашұлы, Ретаев Серік Сәлімұлы, Химчук Олег Геннадьевич, Дүйсекенов Нұрсіләм Рахымұлы шығарылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Мұнайдың төгілуіне ден қою жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

6-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі төрағасының" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақ алынып тасталсын;

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК